

## ЖОСПАР

Кіріспе.....	4
I Бөлім Кімді жүзден ән озды деген дарабоз.....	8
Әнші Мұрат және оның әмірі мен өнер жолы.....	8
2. Мұрат әндерінің мән-маңызы.....	11
II Бөлім Өзі өлсе де сөзі өлмес.....	14
Мұрат әндеріндегі әуезді ерекшелік.....	14
3. Әр әнде бір сыр жатыр (әндерінің шығу тарихы).....	22
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	29

## Кіріспе

Ән – құдірет. Адамның бойындағы сезімдерін сыртқа шығаруда басты құрал – ән екендігінде дау жоқ. Әсіресе, халық әндерінің үлкен қазына екендігіне еш шүбә келтіруге болар ма екен, сіре?

Осындай сипатқа ие болуы – халық әндерінің табиғи тазалығында жатқан секілді. Халық әндерінің тартымды да көңілге қона кететіндігі де – осында. Әйткенді бұл әндер – жасанды көз бөлушішектен аулақ, табиғи таза ойдан туған әндер. «Жігітке өнер де – өнер, өлең де – өнер», – деген халықтық нақыл сөз халық әндерінің саф алтындай тазалығы турасы жайында айтылса жерек – ті.

Қазақ халқы жай сөзбен айтып жеткізе алмайтын сезім тәсқынын ән арқылы шығарған. Дала аңың тау – тасы, қырмазы түті, ашық аспан, адамның қапасы мен қаласы, сүйініші мен күйініші, қызығы мен той – думаны – бәрі – бәрі көз адыңнан тізбектеліп өтіп жатқандай. Міне, ән құдіреті деген осы!

Қазақтардың поэзиясы мен музыкасы тығыз байланысты, өлең шығарушы бір жағынан композитор, ол шығармасына әуенді де, ырғақты да өзі береді. Қазақтың ұлы ғалымы Ш. Уәлиханов: «Қазақтар ән айтуда алдына жан салмайтын халық. Шынында да, қазақтардың дауыстары таза, үні үнді, құлақтарының естуі тамаша. Қазақ салған әндерде ерекше бір әуез, ерекше бір сурет бар»<sup>1</sup>, деген пікір айтқан екен.

Халық әндері – халық өмірінің барлық жағын көрсететін, шындыққа, сырға толы, жарқын, көзі тірі халық тарихы. Бұл, әрине кім шығарғаны белгісіз, халық арасында ауызша тарған әндер жайындағы пікіріміз. Ал, осы халықтық әндеріміздің әрі қарай іргелілеп, тұжырымды зерттелу барысында халық арасынан пәлсапалы әнші – композиторларымыз және олардың әндерінің дәстүрлі өнерге айналуы турасында не білеміз?! Қазақтың халық композиторларының өмірі мен шығармашылығын зерттеп, саралау енді – енді ғана қолға алынды.

<sup>1</sup> Ш. Уәлиханов. Қазақтардың өнері // Халық ауыз әдебиеті. Төм. 1 – кітап: 89 – бет //.

Міне, сондықтан да өзіміз дипломдық жұмысымызға басқа халық әншілеріне қарағанда, шығармашылығын саралауда, зерделеуде әлі де болса жеткіліксіз жағдайда дарабоз әнші Мұхит Мералыұлының өнері мен әншілік қабілетінің ерекшелігін көрсетуді мақсат еттік. Әрине, өзін өзі жұмысыма Батыс Қазақстан өңірінің дәстүрлі ән мектебінің өкілі болып табылатын Мұхит бабамыздың әншілік ауқымы, шығармашылығының ерекшелігі жайында әртүрлі зерттеулер мен еңбектерге сүйене отырып, өзіндік бір саралау жүргізуді мақсат етіп қойдым. Анықтал айтқанда, төмендегідей басты – басты бөлімдерге бөліп қарауды мақсат еттім

1. Мұхит бабамыздың өмірі мен өнер жолы жайында.
2. Әншінің мұрасы жайында (әндерінің тарихы, классификациясы, ерекшелігі).
3. Шығармашылығының зерттелу жағдайы.
4. Дарабоз әншінің шығармашылығының өміршеңдігі (іспасарлары, шежірелері).

Жоғарыдағыдай мәселелер тәңірегінде ой қозғап, тұтас бір бүтін жұмыс жазып, жинақтау – басты мақсатымыз.

Бұған себеп не? Әншінің шығармашылығы туралы жұмыс жазу қалай пайда болды?

Оның себебі: Батыс Қазақстан өңіріндегі дәстүрлі әндерді орындау үлгісінің әрқашанда Мұхит есімімен байланыстырылатындығында. Бұл, әрине, ойдан шығарылған тұжырым емес. «Жақсыбай» атанып кеткен дәстүрлі әндерді орындаушылардан осы өңірде басқа да талай саңлақ әншілердің есімі белгілі болса да, күні бүгінге дейін жалғастығын тауып келе жатқан дәстүрлі мектебінің бастауын қалайда Мұхит есімімен байланыстырамыз.

Сөзіміз негізсіз болмас үшін, біз қазақтың батыс өңірінің XIX ғасырдың бас кезіндегі турмыс – тіршілігі мен ойпау дүниесіне, мәдени өнері мен өнеріне аз ғана саяхат жасайық.

XIX ғасырдың аяқ жартында Батыс Қазақстан өңірінің үштен бір бөлігі Россия империясының құрамына ексе, ал орталық және оңтүстік бөлігі (Арал теңізі, Сырдария, Үстірт, Маңғыстау) Хиуа хандығы мен түркістан әкімшілігінің қол астына қарады<sup>2</sup>. Тұтастай алғанда бұл өңір өзінің географиялық орналасу жағынан болсын мәдени, діни, әлеуметтік жағынан болсын, қазақтың басқа аумақтарынан ерекшеленіп отырды. Міне, осы ерекшелі бұл өңірдің мәдени өміріне де ерекше ықпал етті. Бұл жердегі қазақтардың өмір тіршілігіне қаншама діни бағыттағы болсын, әлеуметтік болсын өзгерістер енгенмен, сол өзгерістер ішіндегі ең тұрақтысы – батырлық қасиет болды. Батырлық идеология Кіші жүз жұртышылығының менталитетінің көрсеткіші болды. Дәл осы батырлық рух, батырлық леп халықтың тіршілік – тынысында немесе ойлау қабілетінде ғана емес, мәдени өмірінде де берік орын тепті. Батырлық қасиет әңгірліктер мен қанатты сөздерінде, қазақтың батыс өлкесінің отты да қанатты домбырасымен сүйемелденетін әндерінде көрініс тапты. Батырлық пен ерлікке бағытталған көп ғасырлық дәстүр бұл өлке қазақтарының ерекше психологиясын, мінез – құлпын, өмір ұстанымын қалыптастырды. Осы үрдіс, осы қасиет Мұхит әндерінен ауытқып кете алған жоқ. Өзінің айналасындағылардың қайғысы мен мұңына, шаттығы мен қуанышына ортақтасу, тіпті біреудің басындағы бақытсыздықты өзінің төл бақытсыздығындай көріп, қайғы жеу – Мұхит әндерінің басты ерекшелігі.

Мұхит әндері барлық жағынан да (әуезділігі мен сөз салтауы, әңгілік орындалуы тақырыбының сан алуандылығы) өте күрделі де ерекше сипатты болып келеді. Дарбоз әңгілінің шығармашылығының сөзбен жеткізе алмас сипатта болуы – халықтың оған «сал» атағын беріп, іршеметтеуінің басты себебі болса керек.

Мұхит әндерінің осындай сан – салалы да күрделі сипаттары қазақтың батыс өңіріндегі ән дәстүрінің ерекшелігін, өзгеше бір болуды бар екендігін айқындайды.

<sup>2</sup> С. Д. Алфимов пен Қазақстан тарихы – Алматы: 1993, 4 - бөлім, 108-109-бел.

«... Мұхиттың әні жан-азығын мұлайтқандай кейбіреулері үшін сонан бір жас кездегі ойын – саяхат, думанда кештерді көз алдына келтіргендей болды. Баста тыңдаушылар бір әнші келді, біраз көңіл көтеретін болдыра – ау деген сияқты ойда болғанмен, Мұхиттың қажырлы әндерінің сөздерін сүйгенде, жай қышарма өнерпаздың бірі емес, кесек тұрғалы адамды көрді. Оны әні отырғандардың әрқайсысының да ішпегі жатқан перлерін жәбітті...»<sup>2</sup>

Мұхит әніне орындаушылық шеберлігіне берілген баға осындай.

---

<sup>2</sup> А. Жұбанов. Заман бұрбұрлар – Алматы: 2001, 2 – басылым, 48 – бет.

## I Бөлім Кішікүзден ән оздырған дарабоз

### Әнші Мұхит және оның өмірі мен өнер жолы

Кезінде өз заманының дүлдiлi де дарабозы Мұхит (шын аты Мұхаметкерей) Мералыұлы 1844 жыл Орал губерниясы, Жымпиты уезi, Жақсыбай болысының 9 – ауылында (қазiргi Орал облысы, Қаратөбе ауданы «Саралжын» совхозының №1 фермасына қарасты «Ақбақай» жеген жерде) дүниеге келген. Әншiнiң әжесi Мералы бiршама дәулеттi де бақуатты кiсi болған. Мералыдан Панғерей, Шанғерей, Жанша, Жүсiп сынды алты ұл мен Саржан, Дәржан атты екi қыз туған. Балаларының бәрi де күштi домбырашы, әншi болғанымен де, өнерпаздық жолды берiк ұстанғаны Мұхит болған. Әншiң әсем әуенiне жастай елiзсеп, өнермен етене өскен Мұхит бақытты әншiлiктен тапты. Ол бала кезiнен – ақ музыкаға, ою – өрнек салуға құштар болған. Бiр естiген әнiң дауысқа салып та, домбыраға салып та үйренедi.

Мұхиттың домбырамен, ән салумен әуестенуiне бiр себеп – Мұхиттың балалық шағы кем – кетiксiз өтедi. Ойын – сауық, өлең – жыр құтан туыстарының қасында бiрге жүрiп, жастайынан өнердiң дәмiн татып өседi. Ал, әжесi Мералы балаларының iшiндегi жақсы көретiн сүйiктiсi – Мұхитқа көп сенiм артады. Ол сенiм – ата жолын құар деген сенiм едi. Ата жолы деп отырғаны – Мұхиттың арғы атасы ақсүйек төре тұқымы Қаратайдан тарайды. Мералы осы төре тұқымына тән қасиет – әкiмшiлiкке бағыштайды да, баласы Мұхитты ауылдай өтедi. Бiрақ Мұхит әле көңiлiн кiмдi ауылдай болғанымен де, көп ұзамай қазас тола қоржыны мен мөрiн ауылдасына табыстап, өзi бiржолата өнер жолына түседi. Әжесiнiң еншiге берген малдарын көптен қонағына сойып, әдемі киiм кию үшiн базарға апарып сатады. Сөйтiп, қарасында жалғыз сиыр қалады.

Мұхитта мал дегенде жалғыз сиыр,

Болады бастағымен тертеу биыл.  
Мұхиттың шаруамен жұмыс жоқ,  
Елдегі ойын мәннен жылыға үйір, -  
деп өзінің келедігін тыңдаушы халыққа жариялап та отырған.

Мұхит өзі естіген әндерді нақышына келтіріп, біраз уақыт орындаушы болып жүрген. Ол Орал өңірін түгел аралап, Орынбор, Қостанай, Жаманқала, Орск, мына жағы Аралдан Қазалыға, дейін барады. Әуелгі баста Жақсыбай бойының Мұхиты болса, енді әншілік дарқы көп жерге жайылып, «әнші Мұхит» атанады.

Әншінің ел аралау арқылы өмірге деген көзқарасы өзгеріп, әншілік тәжірибесі молаяды. Бойындағы өнердің қадірін малданда, байлықтан да артық санайды.

Шындығында, Мұхиттың орындап жүргені – халықтың рухани қажетіне ән саласындағы ортаң байлық.

Мұхит біраз орындаушылық тәжірибе жинақтағаннан кейін өзі өз жанынан ән шығаруға да талаптанады. Мұхит орындаушы, әнші ғана емес, ол – үш ерекшелікті кемденген дарабоз тұлға. Мұхиттың ән өнеріндегі ерекшелігін төмендегідей үш көрсеткішпен бағалаған ләзіл:

1. Әннің сөзін өзі шығара білетін ақындығы;
2. Сазын келтіре білетін композиторлығы;
3. Әнді орындаушылық шеберлігі.

Мұхит халықтың байлығы еліне жақшы, мадақтаушы, сол байлықты елімен, халқымен бөлісуші бола білді. Ол - өзінің әншілік қабілетін өз бетімен дамытушы дарабоз, дәстүрлі ән өнерінің сандығы.

Дарабоз әншінің өзімен, өз көккейінен туған әндер қатары өте көп. Олар атап айтсақ, «Алғаш», «Зәуреш», «Ақ кіс», «Қызыл», «Баға Ораз», «Айналыз», «Қара қаншық», «Дүние», «Денәсқан», «Еркек», «Жылышық», «Көк айдай», «Кіші айдай», «Үлкен айдай», «Көкжар» және тағы да басқа әлемдер болып тізбектеле береді.

Музыка зерттеуші А.Затаевичтің сөзімен айтқанда, «Қазақстанның Батысына тән ерекше климаттың, сахараның кең тынысын танытатын әндер»<sup>4</sup> болып табылатын өнер мұрасы осындай.

Әншінің денесі өзінің туған жері – Ақбақайда жерленген.

Мұхитт бабалымыздың ұрпақтарына келетін болсақ, 1991 жылдың маусым айындағы деректер бойынша әншінің 16 шөбересі, 48 немересі, 25 шөпшегі бар екен.

---

<sup>4</sup> А. Затаевич. Қазақстан, 100 өлең – күн – Алматы, 1994ж., 2-бөлімше, 88-бет



## 2. Мұхит әндерінің жинақталуы

Сағлақ әншінің өсіп-мұрасының біразы кейінгі ұрпаққа молынан жеткен. Бұл орайда Мұхиттың басқа әншілерге қарағанда бақыты зор шұқтығы биік деп айтуға болады. Себебі, бұл орайда әншінің өз ұрпақтары (балалары, немерелері) музыкаға аса қабілетті болып, Бағамыздың ән мұрасын кейінгілерге жеткізуде үлкен роль атқарған.

Белгілі өнер зерттеушісі А.В.Затаевичтің еңбегінің шұқтығы биік тұрады. Ол 16 жыл бойына іздеп, зерттей жүріп, қазақтың халық музыкасының 23 мыңдайын нотаға түсірген. Солардың ішінде Мұхит әндері де бар.

Әншінің ағайындарының бірі – Ғанбар Медетов (1898-1940 ж.ж.) Орынбордың реалдық училищесінің курсанты бола жүріп, өнерге өте бейім болған. Жақсы әншілігімен, домбырашылығымен көзге түскен. Ғанбардан 1923 жылы Мұхиттың «Жуас юндыр», «Дүние-ай», «Соқыр қыздың әні» және үш күйі жазылып шыққан.

Мұхиттың жиегі, Санкт-Петербург университетін бітірген белгілі юрист Бақытжан Қаратаев та (1860-1934 ж.ж.) көптеген естеліктер қалдырған. «Мұхит өз ортасында әзілқой, тілінің қуы бар, әңгімешіл адам еді. Оны қай үйге барса да жатырқаламай, жыпы қабылдайтын», деген екен Бақытжан Қаратаев нағашысы тұрасындағы бір естелігінде.

Мұхит әндерін орындаушылардың тәжі бірі – Теңізбай Айтұрзин. Ол Орынбор кавалерия – мектебінің курсанты бола жүріп, домбырада ойнау шеберлігін үйреніп, асқан домбырашы болған. Теңізбайдан А.Затаевич «Ілме күй», «Теріс-Қақпай» күйлерін (Мұхиттың күйлері) жазып алғандығын айтқан.

Атақты Алпа Оғызбаева да (1898-1943 ж.ж.) өзінің жұртқа әуенді дауысымен Мұхиттың «Айналмәз» әнінің бөкейлік вариантын жаздырған.

1. Қ. Хасанж. Қарағанды өңірінің музыкалық мұрасы – Орал, 2000, 16 – 17 – бет.

2. А. В. Затаевич. 1000 песен казахского народа. – Алма-Ата, 1963, 1 – басылым, 64 – бет.

Мұхит әндерін айтып, Астаға түсірушілер қатарында Кеңжезгіл Темірбеқ, Салық Ихсанғалиев, Мұрат Қартаев, Қаныбек Бисенов, Айша Бабасова, Сапарғали Қалжанов, Бисен Өтемісов, Еңгалы Шоқанов, Құбайдоғды Мұхитов болды.

Мұхиттың немересі Шайхы (Баласы Наурыз туған) өте еңбекпаз адам болған. Атасының әндерін өте шебер орындаған.

Тағы да бір туған немересі, әрі әнші, әрі күйші Лұқпан Мұхитов (1894-1957 ж.ж.) атасының әндерін айтып беруде, атасы туралы көптеген өмірбаяндық мәліметтер айтып беруде көп еңбек сіңірген. Лұқпан Мұхитов кейіннен Қазақ ССР халық артисі болды. 1933-1934 жылдар аралығында қазақ радиосы арқылы Мұхит әндерін таратқан. Онымен бірге Тәттік Ибрагимова да радио әншісі бола жүріп, Мұхит әндерін насихаттауға өзіндік еңбек сіңірген.

Шынтас Қаратаев (Қаратайдың Тілеуінен туған) Мұхиттың әншісіне көп жүріп, әндерін орындау әдісін үйренген, басым көпшілігін жазып алған. Ол Мұхиттың «Зәурәт» деп аталатын әнінің алтысқа тарта илемін жазып берген.

Мұхит әндерін бабына келтіріп, шырақтың ұйттеген адамдар өте көп болды. Олардың қатарында Қазақстанның халық әртісі Г. Құрманғалиев, Алматыға келіп, көп жылдар Құрманғалиев оркестрінде домбырашы болған, Нағима Абишева сияқты өнер майталмандары да бар еді.

Н. Г. Гоголь: «Халық әндері – халық өмірінің барлық жағын көрсететін шындыққа, сырға толы, көзі тірі халық тарихы. Егер оның өмірі оқиғаға толы, сан түрлі еркіндік іздеген пражиямен толы болса, сонымен қатар ол білім, бұлағынан қана алмай қалған болса, оның барлық жігері, сыртқа шығар күші, таза қалпында тұрған болмысы халық әндері арқылы тасқындан сартына шығады»<sup>1</sup>, – деп, халық әндерінің иелі қасиетін осылайша бағалаған екен. Осындай бағалауға тұрарлық әндер қатарынан қазақтың Батыс даласында қанатын кең жайған Мұхит әндері кең орын алары сөзсіз.

<sup>1</sup> Н. Г. Гоголь. Шығармалар жинағы – Москва, 1963, 8 – басылым, 124 – бет.

Музыка зерттеуші ғалым А. В. Затаевичтің өзі де: «Қазақстанның батысында Мұхитт творчествасын белгілі «ән школы» деп қарау үрей»<sup>8</sup>, - деген Баға Берген сия, шындығында әнші бабалымыздың жинақтаған барлық өнер мұрасын қаралағанда, осындай тұжырымды ойға келесі: «Талай таң – тамаша қалатындай қазақ мелодиялары бұдан да аз кездеспейтін, бірақ кең диапазонды, сахараның кең сахнасын шарлап, самғап кететін сұлу әндер Мұхитт шығармашылығында көп екендігі даусыз»<sup>9</sup>.

<sup>8</sup> А. В. Затаевич. 1000 лет независимого народа – Алма-Ата, 1993, 2 – басылым, 67–68.

<sup>9</sup> А. Жұбанов. Заман бұрыштары – Алматы: 1993 ж, 2 – басылым.

## II Бөлім Өзі өлсе де, сөзі өлмес

### Мұхит әндеріндегі әуезді ерекшелік

Ұлы ақын Абай ағамыз «Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен, Өмір сәуле көрсетер сұдай анық»<sup>10</sup>, - деп, жүректен шыққан ән мен музыканың жүректі тербеп, толғататындығын анық айтқан болса, сондай әндерге Мұхит өлеңдерін жатқызар едік. Мұхит әндерінің өзіндік бір әуезді ерекшелігі бар.

Мысалы, халық арасына көп тараған «Айналқаз» әні – үлкен дауыс шенберін тілейтін ән. Әннің тынысы шалқыған кең. Басынан аяғына дейін лирика, ешбір қайғының ізі жоқ. Әрбір дыбысы қатталып, орындаушыда дауыс күшінің тегістігін танытады.

Айналқаз, сен қайдағы, мен қайдағы,  
Біреудің мен де өзіндей боз тайпағы.  
Есіме, бау қарағым, сен түскенде,  
Қайнайды зығирданым қай – қайдағы.

Әннің бас екіпіні «Айналқаз» деп әннің атын қосу арқылы ұзартып айрықшаланып отырады. Бұл ән – А. Балажанов айтқандай «жазық далада, сахарادا туған және үлкен де жылы жүректен шыққан»<sup>11</sup> ән.

Әннің «Қылым»өлеңінің де саздылық бір ерекшелігі бар. Дыбыстық көлемі жағынан «Алуанша» ұқсанышымен, ырғақ жағынан бөлек. Жалпы тынысы тарырақ, демалысы жиі, жүректің тезірек соғуындай ырғақта айтылады. Тек қайырмасында ғана ән бұрынғы екіпінінен жайтап, саздылық қалыпқа түсіп, майда ирқарланып барып бітеді.

Ал «Ал Игі» әні бұрынғыларына мүлде ұқсамайды. Бұл ән кейіпке өзін есіттіріп, тақпақтал айтылуға арналған. Екіпіні жүрек, мелодиясында қалжыңның үні бар.

<sup>10</sup> А. Құнанбаев. Өлеңдер жинағы – Алматы 1990 ж. 184 – бет.

<sup>11</sup> А. Б. Балажанов. Құлаққа 100 ән – жүйі – Алматы 1943 ж. 210 – бет.

Дарынды суреткер адамның жақсы қасиеттерін баяндағанда да, біреуді кемітейін дегенде де терең дыбыс болуын әдемілендіріп табады.

«Жыпышы» әніндегі әуен де әуен де мүлдем басқаша. Бұл ән салған жерден жаңырық шегіндегі дыбыстардан басталып, сол дыбысқа қайта – қайта үш – төрт рет оралады. Содан кейін ғана, ақырын басталдақ бойымен түскендей, төмендей бастайды. Бұл ән халық арасында «Жыпышы» болып та, «Бала Ораз» болып та, «Кіші айдай» болып та жайылып жүр.

Осы «Жыпышыға» диапазонны өлең құрылысы жағынан жақын келетін әні – «Бала Ораз». Бұл ән кейде «Үлкен айдай» болып та айтылады. Бұл ән бірден емес, орта регистрден жағалаңқырап барып, жоғары шығады. Мұнда бірінші және екінші өлең жолдарына келетін музыкалық сөйлемдер бірін – бірі қайталап отырады. Тек екінші сөйлемнің аяғында әуен қайтадан жоғары көтеріліп, әлі де әншінің бітпегенін тыңдаушыға хабарлағандай болады. Содан кейін барып шумақтың аяғына келіп, мелодия жолы бірнеше рет қретіліп, оралып өтеді. Бұл ән орындау дарынның, кең дауыс иесінің, үлкен жігер – күшті керек етеді.

Ал «Зәурен» әні - өз алдына өзгеше ән. Бұл дауыстың жоғарғы дауыс күшінің дәрежесінен басталады да, асықтай – саспай жай жүреді. Өлеңнің бір шумағы бойы мелодия қайталамай, үнемі жаңа бір үн қосылып, зар үстіне зар, қайғыға қайғы қосылып, жамала береді. Әннің негізгі контекстінде артық бір дыбыс жоқ, бірі мен бірі жалғасқан, бірін – бірі толықтырып тұрған үздіксіз даму, шынығу жолындағы мелодия толықны аяғына дейін тыңдаушыны биіктеп ұстап отырады. «Бұл ән – «Ремінем» сатысына көтеруге жарайтын шығарма. Құрылысы да, мелодиялық әскіні де анау – мынау әншінің маңдайына сияған ән емес»<sup>12</sup>.

Мұхит әндерінің ішінде музыкалық мазмұнының тереңдігі жағынан мәндісі – «Дүкен» әні<sup>13</sup>.

<sup>12</sup> А. Б. Заманов. Құлақ қанжырауы. – Мәскеу, 1968 ж. 1 – бөлім, 102 – бет.

<sup>13</sup> Б. Ермаловтың Алматыдағы қалалық пародиялық шеберлерінің әні. – Астана – Ала, 1994 ж. 124 – бет.

Бұл әннің бірнеше бөлімдері нотаға түскен. Ән орта регистрден басталып, жоғары баспалдақтап өлсейді. «Айналым» сияқты әннің негізгі кеудесі өлеңнің екі жолымен бітеді.

Бірақ екінші сөйлемде өлең жолының соңғы сөзін аяғында «Дүния» деген сөздің қосылуы арқылы сөйлем ұзалды. «Дүния» - ақырың, жай екпінде шыркала, созыла айтылатын өлең. Кәсіпқой композиторлар әдейі ойлап енгізетін альтерациялық дыбыстар әннің орта шенінде әшекейленіп, жаңа бір әуенді естіртеді.

Бұндай әдіс әнге ерекше бір әуезділік, ерекше бір әсемділік әкеледі. Бұл - әншінің үлкен дарындылығын көрсетеді.

Әншінің халық арасында тағы бір кең тараған әні – «Иіс»<sup>14</sup>. Бұл ән дауыстың төменгі регистрінен қорқылата басталып, сол мөлшерде біраз кідіріп, өлеңнің үшінші жолында өлетеріне айтылады. Осы күйде Мұхитқа төн жазарғы регистрде тоқтап тұрып, жайлап төмен түседі.

Мұхиттың әншілік те, сазгерлік те дарабоздығын көрсететін әндерінің бірі – «Қалпыма»<sup>15</sup>. Бұл ән әуелгіде жай басталып, аяғында бірден жоғары шығып шыркалады. Өлеңнің алдыңғы үш жолы қысқа дыбысты, речитативке жақындастырылып, сөзіне көп мән бергендей болып келеді де, қайыртасында екпіннің жайпаға, мелодиясын саяздай созып, әржелетіп барып аяқталады.

Әдейі музыкалық білімі жоқ, бірақ туа біткен дарын иесі Мұхиттың қай өлеңін алмайық, барлық әндерінің ән бойында әншінің өз таңбасына төн әуен бар.

Халық арасында «Жыпырғай» болып та, «Бала Ораз» болып та айтылып жүрген әндері – Мұхиттың дарыны мен әншілігін айқындайтын тамаша дүниелер. Бұл әнді анау – мынау әншілер айта алмауы мүмкін. Еркін дауыс, кең құлаш сияқты дауыс ырғағы керек.

<sup>14</sup> А. Жұбанов. Заман бұрбұрлар – Алматы 2001 ж., 89 – бет.

<sup>15</sup> А. Жұбанов. Заман бұрбұрлар – Алматы 2001 ж., 103 – бет.

Қазақ халқының ән байлығын көп зерттеген композитор Е. Брусиловский Мұхиттың бұл әні жайында: «Пуччинидің музыкасындағы шыңға көтерілуімен пара – пар әндер»<sup>16</sup> деп бағалаған екен.

Әннің шеңбері (диапазоны), құрылыс ренді, фактурасы, мазмұндық жүйесі өзінше бір әлем, басқа әншілерге ұқсамайтын сахараның дүлдүлі Мұхиттың шығармашылығының өзгешілігі осындай. Әндерінің мелодиялық жағынан өте өткір, мазмұны байыпты болуы жағынан Мұхитты және оның шығармашылығын қазақтың батыс өлкесіндегі дәстүрлі ән өнерінің мектебі деп молынан айтқыза алады.

Мұхит әндерінің өзіндік бір ерекшелігі туралы айтқанда, оларды классификациялау немесе тақырып кезеңдеріне бөлуге болатындығын да ескеруіміз керек. Музыка зерттеушісі А. Жұбанов методикасына сүйенсек, Мұхит әндері немесе шығармашылығы туралы сөз қозғалғанда, үш кезікті бағытта алып қараған дұрыс – ау деп ойлаймын. Олар:

Бірінші: «Мұхит – сал немесе жастық шақ пен азаматтық парадка» (Арнау).

Екінші: «Философиялық ой - толғау».

Үшінші: «Жоқтау әндер».

Енді, осы әр бағытқа мазмұны жағынан болсын, шырқалу жағынан болсын, сипаты жағынан болсын бірнеше әндерді толғастыруға болады.

Айталық, бірінші бағытқа «Алуан», «Құшық», «Айқамкөз», «Диңдар», «Ақ Иіс», «Еркел», «Дәметкен», «Пандәйтөк» сынды әндерін енгізсек, ал тұрмыс – тауқыметтің әр қилы кезеңдерінде адам баласы есейіп, көп ойпанып, ақыл тоқтатқан шақтағы көңіл – мұйын сипаттайтын өлеңдеріне «Айдай», «Көк айдай», «Кіші айдай», «Кіс», «Бейнем - ау», «Кербез қыз», «Көзқарма» жатқызуға болады.

Философиялық және түріндегі әндерінде ерекше бір байсалдылық, өмірге ақыл көзімен қарау, есейген көзқарастық сезім байқалады.

<sup>16</sup> К. Бердібаев, А. Байғалин, Ә. Әбдіраманов. – Орақ 2001 ж.

... Соғамді ұста қыпшы қаяғы жоқ,  
Мәңгітсе ер жігіттің аяғы жоқ.  
Мысалы сол ақыпты дүниенің,  
Арасы жер мен көктей, таяғы жоқ.  
Жігіттер, шамаң барда шап та шалқай,  
Мәңгілік мал айдаған бай ауып жоқ.  
(«Көкжар»)<sup>17</sup>

... Бір күйі домбыраның көрнесінде,  
Жел сөздің іркілейін мен несіне.  
Жігіттер, тіршілікте күтіп – ойға,  
Мен кетіп өткен жастық келмесіне.  
(«Үлкен айдай»)<sup>18</sup>

... Ат мініп ойнақшдан күз салғанда – ай,  
Сылаңдап жаз қарғылы ерен тазы – ай.  
Жасында жігіт адам болса жігер,  
Қайт болмас жолдасына өткен назы – ай.  
(«Дүние - ау»)<sup>19</sup>

Осы сияқты әндерінің сөзіне қарап отырсаң, кейінгіге ұлжат айту, өткен өмірді аңсау сарыны байқалады. Жастық шақ кезеңіндегі әндеріне қарағанда, бұл саладағы әндерінің сөздерінде ғана емес, айтылуында да философиялық сарын байқалады.

Мұхит – сал емес, жырау сияқты да болып көрінеді. Елдің кезең өлеңдерінен философиялық – дидактикалық сипат басым көріне бастаған

<sup>17</sup> Ф. Құрманғалиевтің өлеңіне негізделген жазба.

<sup>18</sup> Ноғалы тұрғын М. Құрманғалиевтің.

<sup>19</sup> Ноғалы тұрғын А.Б. Ералиевтің.



Бұл көрініс әншінің алды өмірінің зұлымдап тез өтетіндігі туралы, өміріндегі алпа берген уақытты мәңгі еткізуге ұмтылуды туралы қайталап айта беретін сөздерінен байқалады.

Ал үшінші кезеңге жатқызып отырған жоқтау әндері – Мұхит шығармашылығының ең биік шығармашылық шежіресі. Осы кезеңге жататын әндерінің ішіндегі шоқтығы биігі – «Зәурен», «Қара қаншық» әндері.

«Таудан аққан су» - өмір мен өлім арасындағы шекараны, «даланы кезіп жүрген құлан» - өтіп бара жатқан өмірді көрсететін символикалар. Осындай теңеулермен, көркем сөздермен, ерекше бір нотасы бар әуенмен көмкерілген әндер – тек әншінің әншісіне, сандықтың сандығына тән әсімет. Осы қасиет Мұхитта бар. Сонымен, Мұхит әндерінің ерекшелігін анық сипаттар болсақ, ол сипаттауды үш жақтан қараймыз пәзім дер едім «Нағыз ән үш жақты қамтиды. Олар: әннің сөзі, әннің әуені, әннің тарихы (мазмұны). Осы үш көрсеткіш сай келген әншіні нағыз әнші және осы әнші тудырған шығарманы асырған асыр, нағыз өнер мұрасы деп атауға болар еді», - дейді өнер зерттеушісі М. А. Құлақов<sup>24</sup>. Тал осы сөзді Мұхит әндері туралы да айтуға болар еді.

Мұхит әндерінің ерекшелігі неде? Бұл сұраққа жауапты төмендегіше айтуға болар еді:



Және де Мұхит әндерін төмендегідей үш топқа бөліп, жірнақтауға болар еді:

1. Арнау өлеңдер (адастық шақ).
2. Философиялық эссе (есейген шақ).
3. Жоқтау өлеңдер (егде шақ).

<sup>24</sup> М. А. Құлақов. Еңбектері жинағы. – Москва, 1991 ж., II – басылым.

Мұхит әндерінің барлығы нұсқаларын есептесек, жалпы 56 әні бар екен.<sup>10</sup> Әйгілі музыка зерттеуші С. Затаевтың Мұхиттың 26 әнін қағаз бетіне түсірген. Ал Б. Ерзакович 28 әнін нотаға түсірген. Әншінің есімі ғана Мұхит емес, әншілік мұрасы да сарқылды мен таусылуды білмейтін терең дүние.

<sup>10</sup> С. Сәлімов. Дарбоғал ұлы // «Парасат» журналы №8, 1991 ж.

**toppreferat.com**  
Қазақша рефераттар...

**toppreferat.com**  
Қазақша рефераттар...

**toppreferat.com**  
Қазақша рефераттар...

**toppreferat.com**  
Қазақша рефераттар...

**toppreferat.com**  
Қазақша рефераттар...

**toppreferat.com**  
Қазақша рефераттар...

## 2. Әр әнде әр сыр жатыр (әндерінің шығу тарихы)

Әншінің өзінің әрбір өлеңінің мазмұны белгілі бір жағдайға, белгілі бір оқиғаға құрылуында жатқан сияқты. Мұхиттың әрбір әнінде шағын бір сюжет бар. Ол өзі ән шықпай бұрын, шебер түрде әңгіме айтып, тыңдаушысын қызықтырып, өзіне елітіп, тартып алады екен<sup>22</sup>.

Сол секілді әншінің өлеңдеріндегі сөз саптаушыларынан, сөзге лайық әуенінен бір үлкен сыр түйгендей болсаңыз, әрбір әннің тарихы, сыры бар болғандай көрінеді. Ия, шындығында да Мұхиттың әрбір әндерінің өзіндік бір тарихы бар екен. Бір ғана мысал: әнші Қобда бойын аралап келе жатып, біреудің үйіне түсіп, ән салады. Ауыл адамдары жиналып, біраз сауықтанды. Ертеңіне сол үйдің бейәдетке келген қызы Құралай шай құйып бергенде, әншіге қыздың ажары, иығы, жүрісі – тұрғысы, әсіресе, қыздың көзі қатты ұнайды. Кейін ол: «Шірәғым, мына бір әнді сөзге арнадым. Назық айналмәз бала екенсің. Әннің аты да «Айналмәз» болсын», - дегені. Бұл ән – қалың арасына кең тараған ән. Айтылуы жағынан да әдемі қыздың бейнесіндегі сұлу ән.

Кезекті бір сапарында әнші Қоңырбайдың Сейіті деген шошқардың үйіне келеді. Сейіт өзінше аздап болса да оқығаны бар адам екен. Бұл Сейіттің үй тұрмысынан жақсы байқалған. Атағы дүрілдеп тұрған әншіні қызықтырмауға жаман атағым шығып кетер деген ойдан қорқады. Әншіні жақсы күтіп, құрметтейді. Құрметті қонаққа көрсеткен сыйдың үлкені – Алуашты шақырып, шай құйдырады. Алуаш – Сейіттің қызы, өзі асқан сұлу болған. Шайдан кейін Мұхит небір мәрікә әндерін шыққайды. Жасынан өнге құмар, талапты да зәрек Алуаш Мұхиттың орындаушылық шеберлігіне қатты риза болған. Қыздың осындай айналысуына сүйсінген Мұхит жаңа бір ән шығарған. Сөйтіп, Алуаш сұлуға арнаған ән осылайша дүниеге келген. Әннің аты да «Алуаш» аталып кетеді.

<sup>22</sup> Ж. Қосымбаев. Әнші Мұхит. – Алматы: 1995 ж., 74 – бет.

«Қылым» әні де осындай жағдайда шыққан делінеді. Әнші ел аралап жүріп, бір кедейдің үйіне түседі. Мұхит екенін сезген үй иесі әншіге дарыстал қонақасы бере алмайтынына қатты қынжылады. Мұхит бұл үйге қонақасы үшін емес, әнші қыздың даусын естіпін деп келген еді. Үй иесінің Қылым атты әнші қыз бар болатынын Мұхит қыздың әнін тыңдау бай дастарқаннан бірде – бір кем болмайтынын сезіреді. Кедейдің кең пейіліңі дастарқаны жиялған соң, Мұхит Қылымға ән айтуын өтініп, көлқа салады. Қыз Мұхиттың алдында ән салуға қысылса да ұтылған домбыраны алып, өзінің дауыс күйін мөлшеріне икемдеп, бұрай бастайды. Әнші қыздың домбыраны құлақ күйіне түсіруінің өзінде үлкен сыр бар екенін аңғарып қалады. Қыз көп ұзамай бір әнді бастап жібереді. Қылым шырқаған ән «Соқыр қыз» деп аталатын еді. Бұл әнді Қылым бүкіл қазақ қызының басындағы ауыртпалықты таш еткендей етіп шырқайды. Қылымның орындауына ба, жоқ әннің мәнісінде қайғылы кейіптің барлығынан ба, әйтеуір Мұхит қызы ойлансып, біраз үнсіз отырып қалады. Әншіға ренжітіп алдым ба дегенде, қыз да кенет көңілді ән айтуға көшеді. Сол әндердің бірі – «Ақ Айша» еді.

Қыздың әншілігіне риза болған Мұхит домбыраны алып шырқай бастайды. Айтып болған соң: «Қарағың, мына әншіңді сөзге арнадың, көңіліңе жәнса айтып жүргейсің!», - дейді. Міне, «Қылым» атты ән осылайша туған екен.

Ал «Ақ Иіс» әнінің шығу тарихы былай екен: Мұхит Жымпиты бойында отырған Сырылтың Баласы Қазыдан туған Мұхтар деген байдың ауылын қыстап шығады. Басында Мұхиттың Бала – шағасына азықтан ештеп қарасқанымен, кейін бұл көзегін тоқтатады. Бір күні Мұхитты Бала – шағасымен қуып жібереді.

Мұхтар дәулетіне көз болған, қалықты өзінен төмен ұстайтындай адам екен оның үстіне сараңда болған Мұхитты қуып жіберуіне Мұхтардың осы сараңдығы себепші болса, екінші себеп – Мұхтардың байбінесі Қырмызы болды. Қырмызы әуелгіде адамшылығы кең болғанымен, кейін келе – келе Мұхтардың байлығына басы айналып, кеңпейілділіктен ада болып, өктем де ұзақор әйелге айналады. Осы кезде байбіне Мұхиттың үйіне теріс қарап, азын-

аулақ беріп отырған жердегі тасып тастайды. Байдың екінші әйелі Ис бөлсе, шамасы келгенше әншінің қадірін түсініп, бала – шағасына көп ұлшан беріп, көп қарайтасады. Иісті Қарынша көтермелеп, Бәйбішені төмендетіп айтып шығарады. «Ақ Ис» әні осылайша туған.

«Жылқышы»<sup>23</sup> әнінің шығу тарихында үлкен бір мазмұн бар. Бір күні Мұхит Бала Ораздың айтуы бойынша «Жылқышы» хикаясын тыңдайды. Көрікті де әлді жылқышы жігіт көп жылдар бойы өзі есігінде жүрген Байдың сұлу қызына ғашық болады. Қыз да айтырып қойған кісісіне барғысы келмейді екен де, жылқышыны сүйеді екен. Қыздың жеңгесі бұларды мезгіл – мезгіл жолықтырып, көмектеседі екен.

Жаздың ортасында Көкжарда (Ойылда) жәрмеңке болады да, ауылдың азаматтары Көкжарға кетеді. Соны кезді пайдаланған қыз бен жігіт бір түнде көп ұстасып, ауылдан қашып шығады. Ауылдан ұзап шыққандарына бір – екі күн болған соң, дем ағалық деп айдаладағы несіз ескі қораны пайдаланып жатқандарына үкінен қуғыншылар келіп түседі. Жылқышы қосарындағы арғымаққа қызды мінгізіп, мылтықты қолына беріп, өзі қаша ұрыс қылуға қатып қояды. Қыздың астындағы ат тым тым жазға жеткізбей, бірден қара үзіп кетеді. Бірақ, қалтауда қалған жылқышыға қарайлап, алысқа ұзалай, оқ жетпейтін жерде жүреді. Қарулы жылқышы біраз адамды аттан түсіріп, енді қуғышам деп жүргенде, біреу артынан келіп, жігіттің мойнына бұғалық салып, тартып қалады. Жылқышының аттан құлағанын көрген қыз қайтып келіп, бұғалық салған жігітті табанда қосауыз мылтықпен атып өлтіреді. Басқалары қапелімде мылтығы болған соң, қызға жолай алмайды. Сол кезде қыз аттан секіріп түсіп, буынып өлген жылқышының қасына барып, пышағын алып, өз же салады да, жігітті құлақтап құлайды. Қыршынынан қышқан екі жастың аянышты тағдыры екі жастың арасындағы таза махаббат әншінің қиялына қиял ойына ой қосып, «Жылқышы» әнін шығаруға мәжбүрлейді. Бұл әннің екі варианты бар<sup>24</sup>.

<sup>23</sup> Ж. Қосымбаев, ӘншіМұхит – Алматы 1995 ж., 83 – бет.

<sup>24</sup> А. Бақтиярұлы, Салтанатқұлықасымов//Тарих.боз//1990 ж., 131 – бет.

Мұхитт есейіп келгенде ел арасында Медет деген кісі жайында аңыз тарайды. Ол аңызда Медеттің үш әйелінен отыз ұл, бір қыз болады. Елге келген ауру Медеттің отыз ұлын бірдей жалмайды. Жалғыз қызы Зәуре ғана қалады. Медет Орынборға жолаушылап кетіп, қайтып келгенінде жалғыз қызы Зәуре де бала босану үстінде шейіт болған екен. Ең соңғы жалғызынан айырылып, шерменде болған Медет қызының моласын күшіктей күңдіреткен екен. Осы қайғы Мұхитты қатты тебіrentіп, Медет айтыпты деген сөздерге ән шығарған. Әннің аты халық арасында «Зәуреш» болып тарайды.

... Жайнаған жай тасындай көзің қайда,  
Сыймадың қыз да болсаң қу маңдайға.  
Көкөңнің еңірет қалған халін білсең,  
Күнінде айметтің орын сайла.

Ақ бетің айдың көлдің алабындай,  
Қасың бар молдалардың қалалындай,  
Алдыңнан тәждір күдірет жарықтасың,  
Кешікпей мен де артыңнан барамын – ай<sup>15</sup>, -

деген Медет айтыпты болып келетін халық аузындағы өлең Мұхитты қатты толқытып, тыңдаған адамның сай сүйегін сырдыратардай ән шығаруға мәжбүр етті. Бұл ән қаралы өлеңдер қатарына жазады.

Әншінің халық арасында көп тараған әнінің бірі – «Иіс». Бұл әнді «Ақ Иіс» әнімен шатастырмау керек. Қазақта кісісі өлген үйге жөндел айта келгенде қара мал немесе басқа бір бұйым ала келуі керек. Ондай сыйлықты «иіс» деп атаған. Міне, Мұхит та Тайсойған жерінде белгілі бір адамның асына тап келеді. Асқа келгендер соятын малға, не болмаса басқалай бұйымдарын әкеліп, «иіс» деп беріп жатады. Ал Мұхит болса не мал, не бұйым әкелетін күйі жоқ, не қыптарын білмей қатты сұрады. Ас ішіліп, бәйге болып, балуан күресіп, қарлық тарағаннан кейін, әнші әлгі үйдің бәйбішесіне келіп, өзінің жағдайын айтады.

<sup>15</sup> Норман күңірет Маршери Куджалышова

«Менің малым да, Бай Байшығым да – мына қызыл еңешім, осының бір дәмін сіздің жамағатыңыздың аруағына арнап, айтып берсем деймін», – дейді. Бәйбішенің ризашылығымен Мұхит сол арада ән салып береді. Бәйбіше де, балалары да, ақумалаған жайыны да әншінің бұл сыйлығын өте жоғары бағалайды. Бір күнді кейде «Мұхиттың азаға салған әні» деп те атаған.

Мұхитта мал дегенде жалғыз сныр,  
Болады бастағымен екеу бтыл.  
Салыңның алып көптен көі осы,  
Жетекке жылқысы жоқ дүние үйір – үйір<sup>26</sup>, –

деп шырқалатын әнді тыңдағанда еркек болса басын илеп, әйел болса еркін бір сыпп еткізбей қалмайтын. Бұл әннің әуезділігі де, маңыздылығы да осындай екен.

Әрбір әннің тарихын әңгімелеп, белгілі бір оқиғаға сөз құрап, өзіндік бір мақалмен өлең шығарып Мұхитқа тән нәрсе.

Мұхит мектепке оқып білім ала алмағанмен, өмір мектебін көп нәрсеңі үйренеді. Елді көп аралап, жақсыны – жаманды дүниені көргендіктен бе, ол өзінің көзқарасында үлкен жетістіктің адамы болған. Бай мен кедейдің арасынағы таптық қайшылықты тап басып айтып бере алмаса да, төленің неде екенін ішкі көкірек сезімімен біледі.

Мұхит шығармаларының құндылығы – олардың терең де демократиялық мазмұны, адам бақыты үшін ақсжан үкінің болуында. Қазақстанның кеңес композиторлары өздерінің шығармашылығында Мұхиттың әндерін кеңінен пайдаланады. Композитор Евгений Брусиловский «Жалбыр» операсындағы Хадришаға «Алуашты», «Күн Жібек» операсындағы Төлегенге «Үлкен Оразды», Жібекке «Дүнианы» айтады. Б. Ерзакович өзінің шекті аспаптарға арналған квартетінде «Айна көз» әнін тақырып етіп пайдаланған. Мұхит әндері өздерінің терең түсініктілігі, терең мазмұндылығы нәтижесінде қазақтың музыка өнерінде елеулі орын ала білді.

<sup>26</sup> А. Жұбанов. Заман бұрбұры – Алматы 2001 ж., 2 - басылым, 104 – 105 - бет



Сонымен, Мұхит әндерінің маңыздылығы мен құндылығының көркемділігі мен өміршеңдігінің басты сыры неде?

Былайша түсіндірілді, қорытуға болар еді:

1. Классификациясының болуы:

- а) Арнау әндер;
- ә) Философиялық эссе;
- б) Жоқтау әндер.

2. Ерекшелігінің болуы:

- а) сөзін өзі шығаруы;
- ә) әннің әуезділігі;
- б) орындаушылық шеберлігі

3. Мазмұндылығы:

Кейбір әндерінің мазмұнында сюжеттің болуы белгілі бір оқиғаға қорытуы. Мысалы:

«Айсылқыз», «Алуаш», «Қызыл» - әдемілік, сұлулық, ақылдылық туралы әндер;

«Жылышық» - екі жастың қыршын өлтіріне алушылық білдіру жағындағы ән;

«Зәуреш» - перзентінен айырылған әкенің зарлы жоқтауы туралы ән;

«Ақ Иіс» - адамгершілік қасиет туралы ән;

«Иіс» - қазаға көңіл айту жағындағы өлең.

Мұхит әндерінің маңызы, әдісі мен құндылығын көрсеткіші



Қолданылған әдебиеттер тізімі

topreferat.com  
Қазақша рефераттар...

topreferat.com  
Қазақша рефераттар...

topreferat.com  
Қазақша рефераттар...

topreferat.com  
Қазақша рефераттар...

topreferat.com  
Қазақша рефераттар...

topreferat.com  
Қазақша рефераттар...